

6

Қант диабеті
 әлеуметтік
 маңызы бар
 аурулар
 тізімінен
 шығарылады



25

Егеуқұйрықпен
 егес
 біте ме?



16+

DIDAR

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТІ



1931 жылдың 24 қазанынан шығады №47 (18555) 20 қараша 2025 жыл WWW.DIDAR-GAZETI.KZ

16

«АЛТАЙДЫҢ» БИ:
 ӘЛЕМДІ МОЙЫНДАТҚАН
 АНСАМБЛЬ

9

«Шығыс
 мейірімінің»
 шапағатын
 көргендер
 көп



23

Қара
 Ертіске
 бекіре
 қайта оралды



2025 жылдан 2030 жылға дейін Өскемен қаласының аумағынан қатты тұрмыстық қалдықтарды шығару бойынша қызметтерді жеткізушіні айқындау жөніндегі хабарландыру		
2025 ж. бастап 2030 ж. қоса алғанда «Өскемен қаласының тұрғын үй – коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ Өскемен қаласының аумағынан қатты тұрмыстық қалдықтарды шығару бойынша қызметтерді жеткізушіні айқындау жөніндегі тендер өткізілетіні туралы хабарлайды, ол 2025 жылғы «1» желтоқсан сағат 10:00-де ШҚО, Өскемен қаласы, Пермитин көшесі, 17 мекенжайы бойынша өтеді. Конкурсқа келесі лоттар (учаскелер) қойылады:		
№	Учаске №	Учаскелердің шекаралары
Халық саны (адам)		
1	1	Меновное а., Ахмер а., Жаңа-Ахмер а., Ново-Явленка а., Прудхоз а., 22 шағын аудан, 23 шағын аудан, 28 шағын аудан, 20 шағын аудан, 21 шағын аудан, 25 шағын аудан, 27 шағын аудан, Самсоновка а., Жібек Жолы, Сәтбаев (жұп жағы), Сәтбаев (Премьера ТК, Жаным ТК), Өтепов, Жастар, Қазыбек би, Әл-Фараби, Есенберлин, Prime Park ТК, Көкжал Барақ, Уәлиев
89 358 адам		
2	2	Сол жағалау к., Рижская, Ульяновская, Ульяновский к. (18 шағын аудан), Куленов к. (16 шағын аудан), Молдагулова (16 шағын аудан), Энтузиастов (16 шағын аудан), Халықтар достығы (16 шағын аудан), Шарипов, Жыланды к., ЖМК шағын ауданы (тақ жағы), Сәтбаев (тақ жағы), Ново-Троицкое а.
23 979		
3	3	Әуежай, Прохладная, Кирзавод, Назарбаев (Бражий бұлағынан Прохладная шағын ауданына дейін), Защита шағын ауданы, Нефтебаза шағын ауданы, Щербakov, Бажов, Казанская, Косарева, Филатов, Тынышпаев, Теміржолшылар, Вострецов, Братская, Макаренко, Беспалов, Ломоносов, Добролюбов (жұп жағы емес), Б.Гагарин (Микояннан Карбышевқа дейін), Микоян, Беспалов, Маяковский, Карбышев, Восточная, Виноградов (жұп жағы емес), Севастопольская, Серікбаев (студ. қалашығы), Мирный к.
85 913		
4	4	Красин к., Комсомольский к, Комсомольский к. саяжайлар, Шмелев лог, Северный к., Леваневский, Бабкина мельница к., Полевая, Грибоедов, Гвардейская, Волгоградская, Абай (Кіші айналма жолдан Сограға дейін), Қайсенов, А.Чехов, К.Либкнехт, Чернышевский, Нұрмағамбетов, Пермитин, Жеңіс, Тоқтаров, М. Горький, Қазақстан (Қабанабай Батырдан Бәйтерек айналмасына дейін), Қабанбай батыр (жұп жағы емес), Бейбітшілік, Славский, Протозанов (Қабанбай Батырдан Славскийға дейін), Крылов, Әуезов, Согра шағын ауданы, Радужное тұрғын алабы, Бобровская, Усть-Каме-ногорская, Егоров, Вешний, Шаяхметов, Постышева, Фасадная, Долгая деревня, Стройплощадка, Краснознаменная, За-водская, Рабочая, Ново-Рабочая, Кали-нин, Промышленная, Чистяков, Гастел-ло, Куйбышев, Тюленин, Стахановская, Гоголь, Металлургов, Чернов, Тихая, Белинский, Достоевский, Шәкәрім, Фа-рышкерлер, Абай (басынан бастап Тракторнаяға дейін), Бажов (Абайдан өткелге дейін), Назарбаев (Үлбі көпірінен Бражий бұлағына дейін жұп жағы), Мөнделеев, Красин, Михаэлис, Алматинская, Ти-миряев, 30-шы Гвардиялық дивизия, Астана, К. Бітібаева, А. Қашаубаев, Потанин, Добролюбов (жұп жағы), Б.Га-гарин (Назарбаев даңғылынан Микоян көшесіне дейін), Л.Чайкина, Виноградов (жұп), Назарбаев, Серікбаев, Промбаза, Индустриальная, Геологическая, Аб-лакетка, Челюскин, Шлюзая, Правда, Физкультурная, Островский, Пахомов, Мамедов, Глинка, Громов, Больничная, 3-ші Аллейская, Аллейская
207 557		
5	5	Қабанбай Батыр (жұп жағы), Қабанбай Батыр, 13,15,17, Лев Толстой, Новаторлар, Буров, Мыза, Протозанов 1-ден 41-ге дейін, Қазақстан (Қабанбай батыр қиылысынан Мызаға дейін), Загоролный к., Арматурный, Свобода, Машиностроителей
45 211		
Конкурсқа меншік нысанына қарамастан, тендерлік құжаттама шарттарына сәйкес келетін кез келген жеке және заңды тұлғалар қатысады. Конкурсқа қатысуға ниет білдірушілер «Өскемен қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ-не тендерлік құжаттар жиынтығын алуға жазбаша өтінім ұсынады: мекенжайы - ШҚО, Өскемен қаласы, Қазақстан көшесі 27, №302 каб. Тендерге қатысуға өтінімдерді қабылдаудың соңғы мерзімі: 2025 жылғы «1» желтоқсан, сағат 09:00-ге дейін. 2025 жылғы «1» желтоқсан сағат 10:00-де конкурстық Комиссия конкурс өткізу мәселелері бойынша конкурс алдындағы конференция өткізеді. Анықтама алу үшін телефонға хабарласуға болады: 8 (7232) 26-40-58.		

#3АҢ

Мемлекеттік қызметті алушылардың құқықтары қорғалуда

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Шығыс Қазақстан облысы бойынша департаменті азаматтардың мемлекеттік қызмет көрсету саласындағы заңды құқықтары мен мүдделерін қамтамасыз ету бойынша жұмыстарын жалғастыруда. 2025 жылдың басынан бастап департамент 93 көрсетілетін қызметті алушының бұзылған құқықтарын қалпына келтірді.



tolqyn.kz

Мәселен, ағымдағы жылдың қазан айында екі өтініш берушінің Катонқарағай ауданының жергілікті атқарушы органдары тарапынан жеке қосалқы шаруашылық үшін жер учаскелеріне құқық беруден бас тарту фактілеріне қатысты өтініштері қаралды. Өтініштерді қарау барысында мемлекеттік органдар тарапынан бас тартудың негізсіз екендігі анықталды. Осыған байланысты, Департаментпен өтініштерді қарау қорытындысы бойынша көрсетілетін қызметті алушылардың бұзылған құқықтарын қалпына келтіруге бағытталған шараларды қабылдау қажеттілігі туралы хат жолданды. Қазіргі уақытта көрсетілетін қызметті алушылардың өтініштері ауданның жер комиссиясының отырысында қайта қаралды.

#5АҒА

Сауда және тұтынушы құқығын қорғау департаменті ескертеді

Шығыс Қазақстан облысының Сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын заңға сәйкес сақтау қажеттігін ескертеді. Бағаны асыра көтергені үшін жеке және заңды тұлғаларға әкімшілік жауапкершілік қарастырылған. Ағымдағы жылы департамент 155 құқықбұзушылықты тіркеді, оның ішінде 77 жағдай баға шектен асқаны үшін болған. Тұрғындар бағаның заңсыз өскенін байқаса, шағым түсіруге құқылы.



qaz.ulysmedia.kz

Әлеуметтік маңызы бар тауарлар дегеніміз – күнделікті сұранысқа ие, тұрғындар бірінші кезекте тұтынатын азық-түліктер. Олардың халыққа қолжетімді болуы, бағасы мемлекет тарапынан бақыланады. Заңнамаға сәйкес, сатушы әлеуметтік азық-түлік түрлеріне баға белгілеген кезде өзі сатып алған бағасына 15%-дан артық үстеме баға қоюға тыйым салынған. Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексінің 204-4 бабына сәйкес әлеуметтік азық-түлікке 15 пайыздан артық сауда үстемесін қосқаны үшін жеке тұлғалар мен шағын кәсіпкерлік субъектілеріне – 5 айлық есептік көрсеткіші (АЕК) (19 660 теңге), орта кәсіпкерлік субъектілеріне – 35 АЕК (137 620 теңге), ірі кәсіпкерлік субъектілеріне – 150 АЕК (589 800 теңге) мөлшерінде айыппұл салынады. Әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін жыл ішінде бұл әрекет қайталанса, жеке тұлғалар мен шағын кә-

Сондай-ақ, Департамент ағымдағы жылдың қазан айында ауыл шаруашылығы саласындағы ақпараттық жүйелерге қол жеткізу арқылы бақылау және жоспарлы жүргізу барысында 40 көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызмет көрсету мерзімінің өтуіне қарамастан, оны көрсету нәтижесі ұсынылмағанын анықтады. Департаменттің араласуынан кейін мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелері барлық көрсетілетін қызметті алушыларға берілді. Мұндай мысалдар көрсетілетін қызметті алушылардың құқықтарының сақталуына тиімді бақылау жүргізу арқылы бұзушылықтарды уақтылы жоюға және азаматтардың мемлекеттік қызмет институттарына деген сенімін нығайтуға мүмкіндік беретінін көрсетеді. Егер мемлекеттік қызметтерді алу кезінде құқықтарыңыз бұзылған болса, сіз Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Шығыс Қазақстан облысы бойынша департаментіне келесі мекенжай бойынша жүгіне аласыз: Өскемен қаласы, Назарбаев даңғылы, 4. Байланыс телефоны: 8 (7232) 76-51-26. Сондай-ақ, шағымды немесе өтінішті «Е-Өтініш» электрондық платформасы және «EgovKzBot2.0» Telegram-боты («уәкілетті органға жүгіну» бөлімі) арқылы беруге болады.

Ержан Айқымбеков
ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің ШҚО бойынша департаментінің басшысы

сіпкерлік субъектілеріне – 10 АЕК (39 320 теңге), орта кәсіпкерлік субъектілеріне – 70 АЕК (275 240 теңге), ірі кәсіпкерлік субъектілеріне – 300 АЕК (1 179 600 теңге) айыппұл салынады. Ағымдағы жылдың басынан бері департамент 155 әкімшілік құқықбұзушылықты тіркеді, оның ішінде 77-сі әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына 15%-дан асатын үстеме баға қойғаны үшін. Тексеру іс-шараларының нәтижесінде 50 «ескерту» түрінде хаттама толтырылса, 27 кәсіпкерге жалпы сомасы 285 070 теңге мөлшерінде айыппұл салынды. Егер әлеуметтік азық-түлік бағасының қымбат екенін көрсеңіз, оның аз уақытта жоғарылап кеткенін байқасаңыз, саудагер бағаны аса көтеріп қойды деп есептесеңіз, департаментке шағым түсіруге құқылысыз. Департаменттің байланыс телефондары: 8 (7232) 26-72-07, 61-41-21. Сонымен қатар Е-Өтініш порталы арқылы, сондай-ақ Өскемен қаласы, 30-шы гвардиялық дивизия көшесі, 22 мекенжайына келіп жүгіне аласыз немесе өзіңіз тұрған жердегі жергілікті әкімдікке өтініш қалдыра аласыз. Әлеуметтік маңызы бар тауарлар тізіміне 19 түрлі азық-түлік енеді, олар – бірінші сортты бидай ұны, бірінші сортты ұннан пісірілген бидай наны, күнбағыс майы, рожки өнімдері (өлшенетін), сиыр еті (жауырын-кеуде бөлігі сүйегімен), тауық еті (жамбас және жіліншік сүйектерімен ет бөлігі), қарақұмық жармасы (өлшенетін), тазартылған күріш (өлшенетін), қант (ақ қант ұнтағы), тауық жұмыртқасы (бірінші санат), сәбіз, пияз, картоп, орамжапырақ, сары май (тұзсыз, майлылығы кемінде 72,5%, қоспасыз және өсімдік майларынсыз), айран (майлылығы 2,5%, жұмсақ қаптамада), сүт (пастерленген, майлылығы 2,5%, жұмсақ қаптамада), сүзбе (майлылығы 5-9%), тұз (ас тұзы, «Экстрадан» басқа).

ШҚО Сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті

ҚАУЛЫ ЖОБАСЫ (НҚА)

«Өскемен қаласы бойынша коммуналдық көрсетілетін қызметтерді ұсынудың Қағидаларын бекіту туралы» Өскемен қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 4 мамырдағы №1436 бұйрығымен бекітілген қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Өскемен қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**
1. «Өскемен қаласы бойынша көрсетілетін қызметтерді ұсынудың Қағидаларын бекіту туралы» Өскемен қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 4 мамырдағы №1436 қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:
Көрсетілген қаулымен бекітілген, Өскемен қаласы бойынша көрсетілетін қызметтерді ұсынудың Қағидалары, осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.
2. «Өскемен қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі ресми жарияланғаннан кейін Өскемен қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау Өскемен қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.
4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.
Қаулының толық нұсқасымен Өскемен қаласы әкімінің сайтында келесі сілтеме арқылы өтіп танысуға болады <https://www.gov.kz/memleket/entities/vko-oskemen/documents/details/918329?lang=kk>

Өскемен қаласының әкімі **А. Ақышов**

ҚАУЛЫ ЖОБАСЫ

Өскемен қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 5 қыркүйектегі №2883 «Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы» қаулысына толықтыруды енгізу туралы

Өскемен қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**
1. Өскемен қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 5 қыркүйектегі №2883 «Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы» қаулысына мынадай толықтыру енгізілсін:
14-тармақ келесі мазмұндағы 5-1) тармақшамен толықтырылсын:
«5-1) әскери тіркеу және әскери қызметке шақыру, сондай-ақ азаматтық қорғаныс мәселелері жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыруды қамтамасыз ету;».
2. «Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі:
1) осы қаулыны Өскемен қаласы әкімінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды;
2) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдауды қамтамасыз етсін.
Осы қаулының орындалуын бақылау Өскемен қаласы әкімі аппаратының басшысына жүктелсін.
Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Өскемен қаласының әкімі **А. Ақышов**

Көшелер мен автомобиль жолдарының тізбесін бекіту туралы Өскемен қаласының аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын жолдары

«Автомобиль жолдары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 3-бабының 7-тармағына сәйкес Өскемен қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**
1. Осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес Өскемен қаласы көшелерінің тізбесі бекітілсін.
2. Осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес Өскемен қаласының аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының тізбесі бекітілсін.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау Өскемен қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.
4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Өскемен қаласының әкімі **А. Ақышов**

КЕЛІСІЛДІ:

«Шығыс Қазақстан облысының жолаушы көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» ММ

_____ **Д. Уахитов**

«_____» **2025 жыл**

ҚҰТТЫҚТАУ

Құрметті ұстазымыз, қолымызға кәмелеттік аттестатты беріп, өмірге жол сілтеушіміз **Мәрзия Садыққызын** 90 жас – мерейлі жасқа толуымен құттықтаймыз!
Ұстазымызға ұзақ ғұмыр, денсаулық, көңілінің хош болуына тілекшіміз!

Ізгі тілекпен:
1975 жылғы шәкірттері



«Дигам» ЖШС 2025 жылдың 10 қыркүйек күні Күршім балық инспекциясы мамандарының ұйымдастыруымен Қалғұты өзендерінен тартылып қалған су тоғандарынан майшабақтарды құтқару жұмысын 2 га ауданда жүргізді. Құтқарылған шабақтар саны 10150 дана Қара Ертіс өзеніне төгілді. Іс шараға барлығы 3 техника және 10 адам жұмылдырылды.

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР

«II Rent» ЖШС Шығыс Қазақстан облысының Глубокое ауданында орналасқан Гранитное кен орнының гранит (табиғи тас) өндіру жөніндегі тау-кен жұмыстарының жоспарына ықтимал әсерлер туралы есеп бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды. Тыңдау 24.12.2025 ж. сағат 10:00-де Шығыс Қазақстан облысы, Глубокое ауданы, Кожоховский а. о., Прогресс а., Киров к-сі, 12, Мәдениет үйі мекенжайы бойынша өтеді. ZOOM платформасындағы онлайн қосылым-конференция идентификаторы: 816 2764 8269
Кіру коды: r0WxME
Әсер ету аумағы: Шығыс Қазақстан облысы, Глубокое ауданы, Кожоховский а.о., Прогресс а. (50° 8 '22.06" С, 82°23 '35.54" Ш).
Тапсырыс беруші: «II Rent» ЖШС, БСН 230140023217, Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Камская көшесі, 1-үй, тел.: +7 (701) 528 26 19.
Әзірлеуші: «Есо Јер» ЖШС, БСН 200640023864, Қарағанды қ., Әлиханов көшесі 37, 627 кеңсе, тел. 8-771-259-66-16, эл.пошта: esojer@mail.ru
Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын материалдармен, содан кейін жарияланған қоғамдық тыңдаулар хаттамасымен порталда танысуға болады ndbecology.gov.kz «қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде. Барлық ескертулер мен ұсыныстар порталда қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады ndbecology.gov.kz.
Қосымша ақпаратты электрондық пошта арқылы алуға болады. Мекенжайы esojer@mail.ru және телефон бойынша: 8(7212)31-98-76. Жергілікті атқарушы орган: «Шығыс Қазақстан облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ: expertiza.upr_krg@mail.ru, Өскемен қаласы, К. Либкнехт көшесі, 19, тел.: 8 (7232) 257-206.

Өрт қаупі жоғары кезең аяқталды

 **Ержан ӘБІШ**

Жаз бойы Шығыстың аспанын қызыл жалын шарпыған сәттер аз болған жоқ. Бірақ тілсіз жаудың тегеурініне төтеп берген құтқарушылар мен орманшылар еңбегінің арқасында биылғы өрт маусымы үлкен апатсыз аяқталды. Өткен жаз өртпен күрес тек батылдық емес, жауапкершілік пен ауызбіршілік те сыналар сәт екенін тағы бір мәрте дәлелдеді.

Өңірде өрт қаупі жоғары кезең аяқталды. Биыл аталмыш кезең басталғалы облыста жалпы ауданы 203 гектар болатын 27 орман өрті және 469 гектар аумақта 39 дала өрті тіркелген. Сондай-ақ ауданы 840 гектар болатын бір ірі дала өрті орын алған. Бірақ барлығы дер кезінде ауыздықталды.
27 орман өртінің 24-і найзағайдан, біреуі тұрғындардың отты абайсыз қолдануынан, екеуі далалық өрттің жайылуынан туындаған.
– Өңірде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында азаматтық қорғау күштері, жергілікті полиция қызметі, орман шаруашылығы және жергілікті атқарушы органдардан құралған 290 адамнан тұратын 52 мобильді топ жұмыс істейді. Мобильді топтар 1828 рейдтік іс-шара өткізді, нәтижесінде 88 тұлға әкімшілік жауапкершілікке тартылды. 400 дөңгелек үстел, 532 жиналыс, шамамен 4700 нұсқама жүргізіліп, барлығы 14 мыңнан астам адам қамтылды, – деді облыстық төтенше жағдайлар департаменті мемлекеттік өрт бақылау басқармасының бастығы Нұржан Өміржанов Өңір-

лік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте.
Орман өрттеріне ден қою және алдын алу іс-қимылдарын жетілдіру мақсатында «Өрт – 2025» республикалық командалық-штабтық оқу-жаттығуы өткізілді. Облыс аумағында барлығы 12 тактикалық-арнайы оқу-жаттығу ұйымдастырылып, оған 836 адам, 307 техника және бір өрт пойызы тартылды.
Төтенше жағдайлар департаментінің өрт сөндіру қызметі мен орман шаруашылығы мекемелерінің жедел әрі үйлесімді іс-қимылдарының арқасында өрттер бастапқы сатысында сөндірілді.
Табиғи өрттердің таралуына жол бермеу мақсатында облыс аумағында жалпы ұзындығы 2 мың шақырымнан асатын минералданған жолақтар жасалып, өрт қаупі жоғары кезеңде бұл жұмыс толық орындалды.
Төтенше жағдайларға уақтылы әрекет ету және табиғи өрттер мен өрт қаупі бар елді мекендердегі төтенше жағдайларды тиімді жою мақсатында әкімдіктер тарапынан 57 өрт бекеті және 9 еріктілер жасағы құрылды.
Биылғы өрт маусымы табиғаттың да, адам еңбегінің де сынға түскен кезеңі болды. Құтқарушылардың, орман қорғаушыларының және еріктілердің бірлескен еңбегі арқасында өңір үлкен апаттан аман өтті. Бұл – жай ғана статистика емес, қмірін қатерге тіккен адамдардың ерлігі. Жалынмен бетпе-бет келген сәттерде кәсіби дайындық пен ұйымшылдық шешуші рөл атқарды.
Өрт қаупі жоғары кезеңнің аяқталуы – қауіптің толық жойылуы емес, табиғатты қорғаудағы жаңа міндеттердің бастауы. Себебі орман мен даланы сақтау – әрқайсымыздың парызымыз.

ЖАРНАМА БӨЛІМІНІҢ

ТЕЛЕФОНЫ: 8 (7232) 75-28-22,

87772397682

MARKETING@ALTAINNEWS.KZ